

ЖАҢАЛЫҚТАР

Қандас мәртебесі мен ықтиярхат алу үшін тіл сынағынан өту шарт

15 қыркүйек 2026 жыл, 10:09



Қазақстанда тарихи атамекеніне оралған қазақтар ресми түрде қандас мәртебесіне ие болу үшін я осы елде тұрақты тұруға рұқсат беретін ықтиярхат алғысы келген шетелдіктер ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қазақ тілінен онлайн тест тапсыруы шарт. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 14 қыркүйекте тестілеу талаптарын түсіндірді.

Көші-қон әлеуетін бағалау кезеңдерінің бірі саналатын бұл тест екі бөлімнен – тыңдау және оқудан тұрады. Бір сағат он минутте 60 сұраққа жауап берілуі керек. Тіл сынағын сәтті тапсыру үшін үміткер әр бөлімнен кемінде 70 пайыз балл алуы қажет. Министрлік бұл сұрақтар сынақ тапсыратын адамнан тілді терең білуін талап ету үшін емес, күнделікті жағдайда қазақ тілінде сөйлесіп, мәтіндерді түсіне алатын деңгейін тексеруге арналған дейді.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

В2 әлде А1 деңгейі ме? Шетелдіктердің ықтиярхат үшін қазақ тілінен сынақ тапсыратыны талқы туғызды

Егер үміткер қажетті шамада балл жинай алмаса, оған алдыңғы әрекетінен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде тағы екі рет (одан көп емес) қайта тест тапсыруына мүрсат беріледі. Әрбір жаңа талпыныс үшін бөлек ақы алынады. Министрлік тест "қиын емес" екенін айтып отыр.

Аталған тест Қазақстанда биыл ақпан айында шетелдіктерге ықтиярхат берудің және тарихи отанына оралған қазақтарға қандас мәртебесін берудің тәртібін өзгерткен пилоттық жобаға енгізілген еді. Тілді біліміне қоса миграциялық әлеуетті бағалау кезінде үміткердің білімі, жұмыс тәжірибесі және отбасы құрамы да ескеріледі.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- ИМ: Қазақстанда тұрақты тұрғысы келетіндерден қазақ тілін В2 деңгейінде білу талап етіледі
- Қазақстанға шетелдіктерді электронды рұқсатпен кіргізу жобасы талқыға ұсынылды
- Қазақстанға келген орыстар шағымы. Құжат алу тәртібі неге қатаңдады?
- Қытайдан құжат әкелу. Үкіметтің пилоттық жобасынан кейін қоғам белсенділері дабыл қақты
- Қазақстан \$300 мың инвестиция салған шетелдікке "алтын виза" бермек

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ

